

Олжас Акимов¹ , Қарғаиш Жанпейісова² ,
Жанат Момынқұлов³ , Даурен Примбетов⁴ 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану кафедрасының докторанты
e-mail: akimov_olzhas@rambler.ru

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану кафедрасының доценті
e-mail: Zhanpeisova_kd@enu.kz

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану кафедрасының аға оқытушысы
e-mail: zhan.mom8121@gmail.com

⁴Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану кафедрасының аға оқытушысы
e-mail: Primbetov_ds@enu.kz
(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасында спорт саласын дамыту бойынша атқараылып жатқан мемлекеттік саясаттың жай-күйі мен мәселелері талданып, спортты дамытудағы стратегиялық бағыттары көрсетіледі. Спорт саласы саясаттану ғылымы тұрғысынан зерттеуді қажет ететін маңызды, өзекті мәселе.

Зерттеуде Қазақстан Республикасының спорт саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі басым бағыттарын жүзеге асыруда орын алып отырған олқылықтар бұқаралық пікір мен талдау негізінде анықталып, бірқатар шараларды жүзеге асыру қажеттілігі ұсынылады. Мемлекеттің спорт саласында жасалып жатқан жұмыстары мен жетістіктері де мол. Зерттеу барысында қазіргі жаһандану жағдайында бәсекелестікке қабілеттілікті арттыру үшін мемлекеттік басқару мен ұйымдастыру тұрғысынан да осы саланы жетілдірілу қажеттілігі айқындалды. Оның ұлттық экономикаға әсері, туризм мен спорттық қызметтердің дамуына ықпал ететін стратегиялық ресурс ретіндегі рөлі маңызды.

Қазақстан Республикасының спорт саласындағы мемлекеттік саясатының мәнін, мақсаттары мен басым бағыттарын, сонымен қатар спортты дамытудағы стратегиялық бағыттарын көрсету үшін саясаттанулық талдау жасалып, ұсыныстар қолданбалы әдістер арқылы нақтыланып, ресми статистикалармен дәлелденіп, тұжырымдар ғылыми тұрғыда негізделді.

Түйін сөздер: спорт, мемлекеттік саясат, имидж, ұлттық бірегейлік, сала-суатты өмір, саяси тұрақтылық, экономикалық даму, патриотизм.

Олжас Акимов, Қарғаш Жанпейісова, Жанат Момынқұлов, Даурен Примбетов

ПРИОРИТЕТЫ И ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ В СФЕРЕ СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В статье анализируются текущее состояние, приоритетные направления и существующие проблемы государственной политики в сфере развития спорта в Республике Казахстан, а также определяются стратегические направления развития спортивной отрасли.

С точки зрения политологической науки государственная политика в сфере спорта определяется как значимая и актуальная область исследования, требующая постоянного внимания и поддержки со стороны государства. В последние годы государство уделяет особое внимание развитию спорта, в частности модернизации спортивной инфраструктуры, развитию массового спорта, привлечению детей и подростков к занятиям физической культурой и спортом, поддержке национальных видов спорта и профессионального спорта. Особое внимание уделяется значению спортивной сферы как стратегического ресурса, оказывающего влияние на национальную экономику и способствующего развитию туризма и спорта.

С целью раскрытия сути, целей и ключевых приоритетов государственной политики в сфере спорта в Республике Казахстан проведён политологический анализ. Основные выводы и предложения обоснованы с использованием прикладных методов исследования, подтверждены официальной статистикой государственных органов.

Ключевые слова: спорт, государственная политика, имидж, национальная идентичность, здоровый образ жизни, политическая стабильность, экономическое развитие, патриотизм.

Olzhas Akimov, Kargash Zhanpeisova, Zhanat Momyunkulov, Dauren Primbetov

PRIORITIES AND IMPLEMENTATION ISSUES OF STATE POLICY IN THE FIELD OF SPORTS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: POLITICAL SCIENCE ANALYSIS

Abstract. The article analyzes the current state and challenges of public policy aimed at the development of the sports sector in the Republic of Kazakhstan and identifies strategic directions for its further advancement. The sports sector is an important and relevant issue that requires in-depth study from the perspective of political science.

The study identifies existing shortcomings in the implementation of the key priorities of state policy in the sports sector of the Republic of Kazakhstan, based on public opinion and analytical assessment, and proposes the need for implementing a number of measures. At the same time, the state has achieved considerable progress and notable results in the field of sports development. The research reveals that, under current globalization conditions, there is a clear need to improve this sector from the standpoint of public administration and organizational management in order to enhance competitiveness. Its impact on the national economy, as well as its role as a strategic resource contributing to the development of tourism and sports services, is particularly significant.

To demonstrate the essence, objectives, and priority areas of state policy in the sports sector of the Republic of Kazakhstan, as well as the strategic directions for

sports development, a political science analysis was conducted. The recommendations were refined through applied methods, supported by official statistical data, and the conclusions were scientifically substantiated.

Keywords: *sport, state policy, national image, national identity, healthy lifestyle, political stability, economic development, patriotism.*

Кіріспе

Спорт қоғамдық дамудың маңызды саласы болғандықтан елдің ішкі бірегейлігін қамтамасыз ететін, ұлттың денсаулығы мен салауатты өмір салтын қалыптастыратын, мемлекеттің сыртқы оң имиджіне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени фактор ретінде мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналып отыр. Қазіргі жаһандану жағдайында оның маңыздылығы күн санап артуда. Спорт азаматтық сана мен патриотизмді дамытудың, қоғамдағы әлеуметтік, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің стратегиялық тетігі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарынан бері дене шынықтыру мен спортты дамытудың құқықтық, институционалдық және бағдарламалық негіздерін қалыптастыру үстінде. Бұқаралық және инклюзивті спортты дамыту, спорт инфрақұрылымын жаңғырту, ұлттық спорт түрлерін қолдау, олимпиадалық спорт түрлерін халықаралық бәсекеге сай қабілеттілігін арттыру бағытында мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар қабылданып, жүйелі түрде іске асырылып жатыр. Спорт мемлекеттік идеологияның маңызды құралы ретінде қоғамның ішкі бірлігін нығайтуға, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге және елдің оң халықаралық бейнесін қалыптастырады. Қазіргі жаһандану жағдайындағы сандық және жоғары технологиялық өзгерістер мемлекеттік саясаттың барлық саласының трансформациялануымен модернизациясын талап етуде. Осы тұрғыда мемлекеттік саясаттың спорт саласы жаңа өзгерістерді қабылдап, жаңаша көзқараста жұмыс жасау қажеттілігін айқындауда. Елдің спорт саласында қиыншылықтар мен мәселелер де жоқ емес. Зерттеуде нақты мәселелерді анықтап, оны шешуге қатысты қорытынды жасау жұмыстың негізгі алдына қойған мақсаты болып табылады.

Қазақстан Республикасының спорт саласындағы мемлекеттік саясатын зерттеу қажеттілігі бірнеше факторлармен айқындалады.

Біріншіден, спорт пен дене шынықтырудың дамуы халық денсаулығының көрсеткіштері мен өмір сапасының артуына тікелей әсер етеді. Осы салаға мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын саралау үшін спортты дамытуға қатысты құқықтық-заңнамалық құжаттарды талдау қажет.

Екіншіден, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде мемлекеттің бұқаралық спортқа қатысты саясатын оның қамтылуы мен қаржылық қолдау тұрғысынан талдау жасау маңызды.

Үшіншіден, халықаралық спорттық жарыстардағы жетістіктер Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделін арттыратын тетік

ретінде қарастыруға болады. Атқарылып жатқан жұмысты бағалау үшін қоғамдық пікірді зерттеу, қолданбалы зерттеулерге сүйене отырып, талдау жасау қажет. Спорт саласындағы мемлекеттік саясатты ғылыми тұрғыда зерделеу үшін оның мазмұнын, негізгі бағыттарын, мақсат-міндеттерін және оның әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық және халықаралық маңызын ғылыми тұрғыда талдау өзекті.

Зерттеу барысында эмпирикалық талдауды негіздеу үшін бірқатар теориялық тұжырымдар қаралды. Негізгісі ретінде мемлекеттік саясат теориясы (Public Policy Theory) қарастырылды. Осы теорияның негізгі өкілі Х. Лассуэлл мемлекеттік саясатты қоғамдық мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми негізделген шешімдер жүйесі ретінде қарастырады [1]. Спорт саласындағы мемлекеттік саясат азаматтардың денсаулығын нығайту, бұқаралық спортты дамыту, халықаралық спорттық жетістіктер арқылы елдің беделін арттыру мақсатында мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі.

Зерттеуде саясатты жүзеге асыру теориясы (Policy Implementation Theory) қолданылды [2]. Бұл теория еліміздегі спорт саласының қазіргі жағдайына мемлекеттің көзқарасын талдауға негіз болды. Яғни, қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттардың тәжірибеде іске асырылуын талдауға мүмкіндік берді.

Қазақстанның спортты дамыту арқылы халықаралық қатынастардағы маңызын түсіндіру үшін жұмсақ күш теориясы (Soft Power Theory) пайдаланылды. Жозеф Най ұсынған тұжырымдамаға сәйкес мемлекеттер халықаралық аренада өз ықпалын күш арқылы ғана емес, мәдениет, білім және спорт сияқты тартымды құралдар арқылы да жүзеге асыра алады [3]. Қазақстан ірі спорттық іс-шараларды өткізуі және спортшылардың халықаралық аренада, әлемдік деңгейдегі жетістіктері елдің халықаралық имиджін қалыптастырудың маңызды құралы. Аталған мәселерге қатысты елдің сыртқы бейнесін қалыптастырудағы спорт рөлін талдау үшін ұлт брендингі теориясы (Nation Branding Theory) тиімді. Мемлекеттердің халықаралық имиджін басқару мәселесін жүйелі түрде зерттеген Саймон Анхольт елдің халықаралық беделін қалыптастыруда спорттың маңызды ресурсқа айналғанын көрсетеді [4]. Мемлекеттің спорт саласына қатысты саясатын жүзеге асыруда институционализм теориясы мемлекеттік институттардың, заңнамалық нормалардың және басқару құрылымдарының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Спорт министрлігі, ұлттық федерациялар және жергілікті басқару органдарының өзара іс-қимылы спорт саясатының нәтижелілігіне әсер ететін негізгі институттар ретінде қарастырылады.

Қарастырылған теориялар Қазақстанның спорт саласындағы мемлекеттік саясатының басымдықтарын, оны іске асыру тетіктерін және оның ішкі әрі сыртқы саяси маңызын саясаттанулық тұрғыдан кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері

Әлеуметтік зерттеулердің екінші ақпарат көздері зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін арттыруға мүмкіндік беріп, зерттеу

мәселесінің ғылыми контекстін нақтылау, теориялық негізін қалыптастыру, эмпирикалық мәліметтер арқылы қолданбалы сипаттағы практикалық ұсыныстарды әзірлеу үшін пайдаланылды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің ресми сайтындағы баяндамалар мен жылдық есептерден алынған статистикалық деректерді өңдеу спорт инфрақұрылымының даму деңгейін, халықтың спортпен қамтылу көрсеткіштерін және спорт саласына деген мемлекеттің атқарып отырған жұмысын бағалауға мүмкіндік берді. Әлемдік спорт рейтингі мәліметтері негізінде салыстырмалы талдау жасалды.

Зерттеудің эмпирикалық базасын «Demoscope» қоғамдық пікірді зерттейтін бюросының сауалнамасы құрады. Ол зерттеу тақырыбына қатысты республикалық аумақта қоғам пікірін кең ауқымда бағалауға мүмкіндік берді. Себебі, әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысты халықтың көзқарасын кең көлемде жинақтау жеке зерттеушіге қиындық туғызады. Сондықтан, «Demoscope» бюросы кәсіби әдістемелер негізінде жүргізген сауалнамалар қоғамдық көзқарастар мен әлеуметтік үрдістерді объективті түрде көрсетуге бағыттталып, үлкен сандық өңделген көрсеткіштері, олардың нәтижелері зерттеу қорытындыларының сенімділігі мен негізділігін арттыруға ықпал етті. Сондықтан «Demoscope» сауалнамасы зерттеудің эмпирикалық базасын толықтыратын маңызды екінші дереккөз ретінде қарастырылды.

Зерттеуде қолданылған әдістерден алынған мәліметтерді негізге ала отырып, мәселенің күшті және әлсіз жақтарын көрсете отырып, олардан туындайтын мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді анықтауда SWOT анализ жасалды.

Осы зерттеу жұмысын орындау барысында жалпығылыми әдістердің жүйелік, құрылымдық тәсілдері пайдаланылды. Бұл әдістер жалпы спорт саласының дамуын айқындайтын негізгі ұғымдар мен тұжырымдарды жүйелеуге мүмкіндік берді.

Құжаттық талдау әдісі спорт саласындағы басқару тетіктері мен мемлекеттік реттеудің институционалдық міндеттерін түсіндіруге көмектесті.

Зерттеу нәтижелері

Мемлекеттің спорт саласын дамытуға қатысты саясаты осы саладағы тұжырымдама мен мемлекеттік бағдарламалардан айқындалады. Яғни, құжаттарда спортты қолдау үшін назарға алуға қажетті салалар анықталып, мәселелер көрсетіліп, оны шешу мен дамытудың жолдары көрсетіледі. Қазақстан Республикасы осы жұмысты жүйелеу мақсатында ресми құжаттар аясында жұмыс жасайды. Құжаттық талдау арқылы мемлекеттің қаншалықты спорт саласын маңызды сала ретінде анықтайтыны, оны дамытуға қатысты жұмысын жүйелеп жоспарлайтыны анықындалады.

Сондықтан ең алдымен құжаттық талдауға сүйенетін болсақ, мемлекеттің спорт саласына қатысты ресми құжаттары Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы арқылы реттеліп, ұйымдастырылады [5]. Бұл құжаттар мемлекеттің спорт саласын дамытуға байланысты әр бағыттар

мемлекеттің спорт саласын реттеу мен ұйымдастыруға арналған негізгі басымдықтар болып табылады. Әрбір спорт саласының алдына қойылған міндеттері оның жүйелі дамуының негізі болады [6]. Мысалы бұқаралық спорт саласын дамыту арқылы халықтың барлық жас санатын спортпен тұрақты шұғылдануға тарту, аула, мектеп, колледж және ЖОО деңгейінде спорт инфрақұрылымын кеңейту, тегін және қолжетімді спорт секцияларын көбейту, салауатты өмір салтын мемлекеттік деңгейде насихаттау жүзеге асырылады. Экономикалық дамыған мемлекеттердің спортты дамытудағы ең басты ұстанымдары осы бұқаралық спорт түрін дамыту болып табылады. Демек, халықтың денсаулығына алаңдайтын мемлекет бұқараның жаппай спортпен шұғылдануына мән беруі керек.

Осы басымдықтардың бірі спорт инфрақұрылымын дамыту. Себебі спортта жетістікке жетуде бұл саланың маңызы зор. Материалдық-техникалық базалар, атап айтқанда спорт залдары, стадиондар, бассейндер салу, арнайы дайындық базаларын жаңғырту, инклюзивті және қолжетімді спорт ортасын қалыптастыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану арқылы спорттың барлық деңгейінің дамуын қолдауға негіз болады.

Спортта көптеген мәселелерді шешудің бір жолы ретінде цифрландыруды қарастыруға болады. Ол спорттың ашықтығы мен коррупциямен күресте тиімді. Сонымен бірге спортты цифрландыру және ғылыми қамтамасыз ету арқылы заманауи спорт ғылымы мен технологияны жетілдіру, спорттық медицина мен реабилитацияны дамыту, биомеханика, физиология, спорттық психологияны енгізу, жаттығу процесіне цифрлық мониторинг жүйелерін қолдану, спорттық деректерді талдау платформаларын дамытуды жүзеге асыруда тиімді.

Қазіргі таңда спорт саласында туындап жатқан кейбір мәселелер коррупциямен байланысты деген пікірлер бар. Онымен күрес және басқаруды жетілдіру арқылы бюджет қаражатын бөлудің ашық тетіктерін жүзеге асыруда мемлекеттік сатып алуды цифрландыру, спорт ұйымдарының қызметіне аудит жүргізу, антикоррупциялық бақылауды күшейту қажет.

Осы тұжырымдамалық құжатта ұлттық спорт түрлерін дамыту саласы мәдени бірегейлікті сақтаудың және спортты кеңінен насихаттаудың тиімді құралы. Бұл спорт түрлеріне қазақ күресі, көкпар, теңге ілу, тоғызқұмалақ танылса, негізгі мақсат ұлттық жарыстарды халықаралық деңгейге шығару болып табылады [7]. Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін ұлттық спорт федерацияларына мемлекеттік қолдауды күшейту қажет.

Спортты дамытудағы мемлекеттік саясаттың тиімділігі басқарудың сапасына, қаржының ашықтығына және қоғамның белсенді қатысуына тікелей тәуелді.

Жоғарыдағы тұжырымдамадағы анықталған басымдықтар мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың сөздерінде де орын алады. 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Президент «бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет, бұған қол жеткізбестен, жастарды сауатты және дені сау етіп тәрбиелеу, бүкіл ұлттың

денсаулығын нығайту мүмкін емес», - деген пікірін айтып, осы саладағы заңнаманы жаңартудың қажеттілігі туындағанын атап өтті [8]. Президенттің қолдауы спорт саласына мемлекеттің назар аударуына мүмкіндік береді.

Қазақстанның ішкі дамуы мемлекеттік бағдарламалармен жұмыс жасап отырғанымен оның жетістіктері әлемдік деңгейдегі сайыстарда, әлемдік зерттеу индекстерінің көрсеткіштеріне сәйкес анықталады. Қазақстанның спорт саласына қатысты жүргізіліп отырған саясатының жетістіктерін, елдің спорт саласындағы даму деңгейін әлемдік спорт рейтингі (World Sports Rankings) көрсеткіші арқылы айқындауға болады. Ол ұлттық спорттық басқару органдары, спорт лигалары, ұлттық олимпиада комитеттері, ұлттық спорт федерациялары мен халықаралық спорт федерациялары жүзеге асырып жатқан спорттық саясат пен стратегияларды бағалайды [9].

Әлемдік спорт рейтингі арқылы елдердің спорт саласындағы жұмысын жеңістер мен медальдар саны яғни, олимпиада, әлем чемпионаттары, континенттік жарыстар сияқты ірі халықаралық турнирлердегі орындар (алтын, күміс, қола), жарыстардың деңгейі мен маңыздылығы, тұрақтылық пен үздіксіздік, яғни рейтинг ұзақ мерзімді нәтижелерді тұрақты көрсеткіш ретінде маңызды. Елдің халықаралық аренадағы жетістігі мен тұрақтылығы, жеңістерінің деңгейі және жарыстардың маңыздылығы мемлекеттік саясаттың жүйелігін көрсетеді.

Әлемдік спорт рейтингінің алдыңғы қатарында тұрған елдерде спортты басқару органдары, спорт лигалары, ұлттық спорт федерациялары жүзеге асырып жатқан спорттық саясат пен стратегияларының жүйелі жұмысының жоғарылығымен бағаланады. Атап айтатын болсақ, рейтингтің алдыңғы қатарында тұрған Америка құрама штаттары ең жоғары бағалау балы 490,720-ды алған, екінші орында Италия 310,378 бал және үздік үштікті Канада қорытындылайды. Ол 288,461 бал жинаған. Үздік ондыққа Ұлыбритания, Австралия, Қытай, Франция, Германия, Жапония, Испания кіреді. Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде ең алдыңғы қатарда 41-ші орында. Осы рейтингтегі 204 елдің ішінде ТМД елдерінің арасынан Тәжікстан ең төменгі орында 137 орынды иеленген. Исландиялық зерттеуші В.Халлдорссонның еңбегінде кіші мемлекеттің спортта қалай үлкен табысқа жете алатыны туралы зерттеу жүргізген. Ол «спортты мемлекеттік саясат, мәдениет, қоғам, ұйымдық құрылым сияқты әлеуметтік және институционалдық факторларға тәуелді». – деп көрсетеді [10]. Демек, спорт мемлекеттік саясаттың институционалдық жүйелі құрылымдық қызметіне байланысты дамиды. Бұқаралық іс шараларды дұрыс жолға қою арқылы бұл саланы дамытуға болатыны осы шетел тәжірибелерінен айқындалып отыр. Шетелдік тәжірибеде мемлекеттің қолдауы тарапынан бұқаралық спортты қолдауға ұмтылады. Сондықтан бұл салаға қаржыландыруда ауқымды жүзеге асырылады.

Қазақстанда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтар саны 31,4 %-дан 38,4 %-ға дейін ұлғайса, 2024 жылы спортпен тұрақты түрде айналысатындар үлесі 41,4%-ға жеткен статистикадан көрінеді. Демек, қазақстандықтардың 8,4 миллионнан астамы спортпен шұғылданады. Тұжырымдамада 2029 жылға қарай аталған көрсеткішті 50%-ға жеткізудің қажеттілігін жоспарлайды [11].

Дене шынықтыру мен спортты дамытуда әкімдіктер жыл сайын 20 мыңнан астам спорттық-бұқаралық іс-шара, күніне орта есеппен 3 іс-шара өткізуі тиіс деп көрсетілген. Сондықтан бұқараны спортқа тарту жергілікті жерлердің де назарында болу керек.

Талқылау

Мақалада елдегі спорт саласының дамуын мемлекеттік құжаттардың мазмұны мен бағыттары, оның жүзеге асырылуын талдай отырып, оны бұқаралық спортты дамыту, жоғары жетістіктер спорты ұлттық спортпен байланысты зерттеу орын алады. Әр саланың жетістіктері мен мәселелерін талдай отырып, оларды жетілдіру мен дамытудың жолдарын қарастыруға мүмкіндік болады. Халық арасында бұқаралық спортты насихаттау салауатты ұлтты қалыптастырудың мүмкіндігі болғандықтан осы бағытқа басты назар аударылуы түсінікті жағдай [12]. Республикада салауатты өмір салтын насихаттау аясында соңғы жылдары жүгіру, марафондар, велошерулер мен веломарафондар, фестивальдер, отбасылық жарыстар, жаппай сырғанаулар танымал болып, халықтың қатысуы жоғарылады. Жыл сайын 1,2 млн адамды, оның ішінде ауылдық жерлерде 500 мың адам барлық жас санаттарына бағытталған, әртүрлі деңгейдегі 25 мыңнан аса спорттық-бұқаралық іс-шара тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл көрсеткіштерден еліміздегі бұқаралық спортқа қатысты саясаттың жақсарғанын көруге болады.

Бұқаралық спорттың қаржыландырылу жағдайына назар аударатын болсақ, төмендегі суреттен соңғы 6 жылда спорт саласын қаржыландыруға салынған шамамен бөлінген қаржыны көруге болады.

1-сурет. спорт саласын қаржыландыру көрсеткіші [13].



1-суреттегі статистикалық мәліметтен спорт саласына жыл сайын қаржыландырудың артып келе жатқанын байқауға болады. Мысалы, 2018 жылы – 165 млрд теңге болса, 2019 ж. – 204 млрд теңгені құраған. 2020 және 2021 жылдары орта есеппен 200 млрд теңгеден асса, 2022 жылы 296 млрд теңге, 2023 жылы 340 млрд теңгеге жеткен. Ал, соңғы жылдағы көрсеткіш 141 млрд қаражат көзін құрайды.


Қазір әлем елдерінде спортқа назар аудару қарқынды жүруде. Интернет және әлеуметтік желілердің дамуымен халықтың аз қимылының әсерінен денсаулық мәселесі туындап отыр. Артық салмақ, әртүрлі созылмалы

аурулар, психологиялық ауытқушылықтар, ойынқұмарлық сияқты адам өміріне зиянды және қауіпті жағдайлармен күресудің ең тиімді жолдарының бірі спорт екені мәлім. Қазақстан жыл сайын осы бағытта жұмыс жасап жатыр. Қаржыландыруды арттыруда. Қазақстан әлем елдерімен салыстырғанда қаншалықты деңгейде екенін салыстырмалы талдау арқылы анықтай аламыз.

Қазақстанның спорт саласын дамытуда олимпиадалық спортпен қатар үлкен жетістіктер беретін спорт түрлеріне ерекше назар аударылуы қажет. Жоғары жетістіктер спортымен қатар танымал емес және нәтижесіз спорт түрлері де қаржыландырылуы кейінгі кезде көп талқыланып жүр. 2023 жылы спорттың 31 түрінен бірде-бір медаль болмаған. 2024 жылы қаржыландырылатын спорттық бағыттардың саны 141 түрге дейін өскен. Қазақстанда жазғы олимпиадалық спорт түрлері бойынша 44, қысқы спорт бойынша 13 түрі бар. Жоғары жетістіктер спортының қаржыландырылатын бағыттарының шамамен 60%-ы олимпиадалық емес бағыттар, яғни 141-дің 84-ін құрайды. Жыл сайын бұл түрлерді дамытуға – 18 млрд теңге жұмсалады, яғни 2023 жылы олимпиадалық түрлерге – 296 млрд теңге, олимпиадалық емес түрлерге – 18 млрд теңге, өзге шығыстарға – 11 млрд теңге жұмсалған. Шетелде атап айтатын болсақ, Ұлыбританияда жазғы Олимпиада ойындарының 19 түрі, Германияда – 18, Австралияда – 12 түріне басымдық береді [14]. Демек, негізгі нәтижелі спорт түрлеріне басымдық беріледі.

1991 жылдан қазіргі күнге дейін республикалық бюджет есебінен спортты дамытуға жұмсалған шығындар аз емес. Ол төмендегі суретте берілген. Үкімет 1999 жылдан бастап спорт саласына қаржы бөле бастады. 2013 жылдан бастап спортқа әсіресе жоғары жетістіктер спортына қаржы көлемі өсе бастаған. 2023 жылғы статистика бойынша оның көлемі 105,7 миллиардты құраған. Демек, көрсеткіштің өскенін көрсетеді.

2-сурет. Жоғары жетістіктер спортын қаржыландыру көрсеткіштері (мың теңге) [15].



Жоғарыда талқыланып отырған Үкіметтің спортты республикалық бюджет арқылы қаржыландыру көрсеткіші үш бағытта ұлттық спорт, бұқаралық спорт және жоғары жетістіктер спортына қатысты. Соның

ішінде жоғары спортты қаржыландыру соңғы 10 жылда 7 есе өскені жоғарыдағы кестеден айқындалады. Спорт саласына бөлініп отырған қаржының жеткілікті шамада екені жоғарыдағы мәліметтерден айқындалады. Дегенмен, әлеуеті жоғары ұлт үшін спорты дамыған алдыңғы қатардағы елдердің құрамына кіре алмауына қандай себеп бар деген заңды сұрақ туындайды.

Қазақстанның үлкен жетістіктерге жету әлеуетінің жоғары екендігін талдау дәлелдеп отыр. Мысалы, олимпиада ойындары бойынша медальдық есепте:

- 2020 ж. – 83 орын (8 – қола);
- 2022 ж. – 0 медаль;
- 2024 ж. – 43 орын (1 – алтын, 3 – күміс, 3 – қола).

Дүниежүзілік спорт рейтингінде:

- 2014 ж. – 25 орын;
- 2018 ж. – 47 орын;
- 2023 ж. – 42 орын төменгі орында [16].

көрсеткіштердің төмендігіне себептердің бірі ретінде мемлекеттік қаражатты ұтымсыз жұмсау және жемқорлық тәуекелдері негіз болуда. Қаржыландырудағы теңгерімсіздікпен бірге күрделі себептердің бірі отандық спортшыларды даярлауға күш жұмсамағаннан қарағанда, шетелдік ойыншыларды натурализациялау арқылы қол жеткізілген қысқа мерзімді жетістіктерге назар аудару да орын алып отыр. Отандық спорттық кадрларды даярлау, дамыту бойынша жүйелі жұмыс жеткіліксіз екенін жоғарыдағы нәтижелер дәлелдейді.

Соңғы олимпиада ойындары қоғамда әртүрлі пікірді тудырды. 2024 жылғы Париж олимпиадасындағы қазақстандық спортшылардың қатысуы мен жетістіктері, олқылықтар жайлы «Demoscope» халықаралық зерттеу орталығының жүргізген әлеуметтанулық сауалнамасы қоғам тарапынан орын алған сұрақтарды талдауға арналды. Сауалнаманың мәліметтерін талдай отырып, сандық мәліметтер ұсынылып, сапалық қорытынды алынады.

3-сурет. Париж олимпиадасындағы қазақстандық спортшылардың қатысуы, қоғамдық пікірге сауалнама [17].





3-суретте қазақстандықтардың олимпиаданы бақылауға қызығушылықтарының көрсеткіші, назар аударатын спорт түрлері, спортшылардың өнеріне қатысты көзқарастары мен қазіргі күні көп қойылып жүрген сұрақтардың бірі легионерлерге қатысты пікірлер туралы мәліметтер берілген. Париж Олимпиадасындағы қазақстандық спортшылардың өнерін бақыладыңыз ба деген сұрақ отандастарымыздың спортқа оның ішінде халықаралық дәрежедегі спортқа көзқарастары мен жанашырлықтарын білдіреді. Мұқият бақылағандар саны – жалпы респонденттердің 13,2%-ын құраса, көбінесе негізгі оқиғалар мен нәтижелерді бақылағандар – 12%. Кейде олимпиадаға қатысты жаңалықтарды көрдім дегендер – 15,4%, бақылаған жоқпын десем де болады, бірақ нәтижесін білемін деген пікірде – 10,1% болды. Мүлде бақыламағандар – 49%, жауап беруге қиналатындар – 0,3%-ды құраған. Бұдан шығатын қорытынды жалпы 1001 респондент қатысқан сауалнамада 49% пікір білдірушілер мүлде қызықпайтындар, ал жалпы бақылайтындар саны 50 пайыздан асқанын көруге болады. Демек, халық олимпиададағы спортшылардың өнерлеріне қызығушылықпен қарайтыныны айқын.

Қаралатын спорт түрлері жекелеген сипатта, яғни бокс 60,7%, күрес 39,6%, дзюдо 38,2% түрлерін халық көбірек бақылаған. Демек, еліміздегі нәтижелі спорт түрлері көп аназар аудартады деген сөз.

Қоғамдық талқылауда жүрген маңызды сауалдың бірі қазақстандық спортшылардың өнерлерінің халық үмітін ақтауға қатысты болды. Мен күткеннен әлде қайда кереemet деп жауап бергендер саны – 21%, нәтижесі мен күткендей болды деген жауап – 37,1%, үмітті ешкім ақтаған жоқ дегендер саны – 35,3%, жауап беруге қиналатындар – 6.6%. Сауалнаманың қорытындысынан анықталғандай жалпы 58,1 % - респонденттердің үміттері ақталған. Мүлдем ақталмады дегендер 35,3%. демек, жалпылама сипатта жағымды пікірді көруге болады.


Дегенмен, соңғы кездері қоғам тарапынан наразылықтар тудырып, қоғамдық талқылауда болған сұрақ, Қазақстан құрамасының сапына легионерлерді шақыру мәселесі болғаны белгілі. Осы сұраққа қатысты респонденттердің басым көпшілігі наразылықтарын білдірді. Толық қолдайтындар мен қолдауға жақын пікірдегілер саны – 29,8%. Ал, қарсы пікірдегілер саны басым, олар – 46,9%. Бұл пікірлердің болуы заңдылық.

Олимпиада барысында шетелден алынған легионер спортшылардың мардымды жетістік көрсете алмаулары қоғам тарапынан наразылық тудырып, билік тарапынан нақты шешім қабылданды.

Оның нәтижесі дене шынықтыру пен спорт саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге бағытталған. Өзгеріске сәйкес мемлекеттік қаражатты немесе квазимемлекеттік ұйымдардың қаражатын шетелдік спортшыларды қаржыландыру үшін пайдалануға заң жүзінде тыйым салынды [18].

Жаңа талаптарға сәйкес, мемлекеттік бюджет қаражаты тек төрт бағыт бойынша жұмсалатын болады. Олар: жоғары жетістікті спорт, мемлекеттік спорт ұйымдарының қызметі, бұқаралық спортты дамыту және спорттық инфрақұрылымды жетілдіру. Ендігі кезекте ұлттық және өңірлік деңгейдегі басымдық берілетін спорт түрлерін дамытуға қаржыны бөлу қажеттілігі айтылып, олимпиада, паралимпиада, дефлимпиада, Азия және параазиада, ұлттық спорт түрлерін дамыту маңыздылығы мемлекеттік биліктің назарына алынды.

4-сурет. Париж олимпиадасындағы қазақстандық спортшылардың қатысуы, қоғамдық пікірге сауалнама [18.1].



4-сурет Париж олимпиадасындағы қазақстандық спортшылардың көрсеткен нәтижелеріндегі мәселелерді талдауға арналды. Сіздің ойыңызша, Қазақстан құрамасының Париждегі Олимпиада жақсы өнер көрсетуіне не кедергі болды деген сұраққа алынған жауап зерттеу үшін маңызды болды. Респонденттердің пікірі бойынша спорттағы мәселенің басты себебі спорттағы коррупция деп жауап бергендер 40.6%-ды көрсетті.

Спортшылардың нашар дайындығы – 22,2%, қаржының жетіспеуі – 19,1%, білікті жаттықтырушылар мен жаттығу орындарының жетіспеушілігі – 18,9%, мемлекет тарапынан қолдаудың аз болғаны – 7,9%, спорттағы нашар менеджмент/басқару – 7,2%, өз таланттарымыздың орнына шетел мамандарын тарту – 8,2%, балалар мен жасөспірімдер спортының нашар дамуы – 18,6%. бұл пікірлер қоғамда талқыланып жүрген көптеген сұрақтарды нақтылады. Тек басқа – 4,5%, жауап беруге қиналатындар – 8,7%-ды көрсетті. Демек, пікір білдірушілердің басым көпшілігі спорт саласында орын алып отырған мәселелердің негізгі себебін коррупция, қаржының дұрыс жетіспеуі, нашар менеджмент деп есептейді.

Ал енді осы мәселелерді шешудің жолын іздестіру мақсатында берілген пікірлерге тоқталатын болсақ, Балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға ақша құю керек деген пікірді респонденттердің 37,9% білдірді. Спорт инфрақұрылымын және бұқаралық спорттың қолжетімді ету – 18,6%, спортқа ақшаны көптеп құю – 22,8%, халықаралық тәжірибелі жаттықтырушыларды тарту – 15,3%, Қазақстанның қолынан келетін спортқа назар аудару – 7,2%, спортшыларға жағдай жасау – 18,9%, спорттағы сыбайластықты жою – 22,8%, олимпиададағы сәтсіздіктер үшін соған жауапты шенеуніктерді жауапқа тарту – 11,1% деген пікірлер болды. Ұсыныстарға назар аударатын болсақ, көпшілік пікір спортқа жастар мен жасөспірімдерді тарту және оларға қаржылық, инфрақұрылымдық қолдау көрсетуді ұсынады.

Спортты дамыту жөніндегі мемлекеттің саясатына баға беру бойынша көпшіліктің басым пікірі позитивті екені анықталды. Жалпы пікірдің 65,2% пайызынан астамы өте жақсы, жақсы, жаман емес деген пікірде. Ал, 18,5% жаман және өте нашар деген пікірде. Бұл көрсеткіштен мемлекеттік саясаттың дұрыс бағытта екенін айқындалады. Спортты дамытуда ізденіс үстінде екенін байқауға болады.

Сауалнамаға қатысушылардың өз аймақтарында спортпен айналысу мүмкіндіктеріне қатысты сұрақ олардың мемлекеттің тарапынан жүргізіліп отырған саясатының тәжірибеде көрінісін айқындайды.

Өзіңіз тұратын ауданда спортпен айналысуға қаншалықты жағдай жасалған деген сұраққа спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған деген жауап – 33,7%-ды құраса, спортпен айналысуға мүмкіндік болғанымен арасында қиындық туындайды деген жауап – 25% болды. Спортпен айналысуға жағдай толық жасалмаған – 15,1%, спортпен айналысуға жағдай мүлде жасалмаған – 21,3%, жауап беруге қиналатындар – 4,9% болды. Демек, жағдай жасалғанға қарағанда жағдай жасалмаған деген пікірлер басым болды. Яғни, мемлекеттік саясаттың бұқаралық спорт және жергілікті спортты дамытуға қатысты саясатын күшейту қажеттілігі көрінеді.

Сауалнама мәліметтері зерттеу үшін, жалпы спортта орын алып отырған мәселелерді анықтауға, оны шешуге қатысты пікірлерді білуге көмектесті.

Спорт саласындағы мәселелер тек қоғамды алаңдатып қана қоймайды, мемлекеттік билік тарапынан пікірлер айтылып, шешімдер

жасалып, нақты қадамдар жасауды қажет етеді. Мысалы, Қ.К. Тоқаев Париж Олимпиядалық ойындарына қатысқан спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын жетістіктерімен құттықтап, әрбір жеңіске жеткізген табанды еңбек пен мақсаттылықты ерекше атап өтті. Әсіресе, Қазақстан тарихында алғаш рет дзюдодан алтын медаль жеңіп алған олимпиада чемпионы Елдос Сметовтің жетістігін, гимнастикадан күміс медаль иеленген Нариман Құрбановтың нәтижесін жоғары бағалап, тарихи оқиғаларды ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы Демеу Жадраев, Нұрбек Оралбай және пневматикалық винтовкадан аралас командалық жарыста алғашқы медаль әкелген атқыштар дуэті Александра Ле мен Ислам Сатпаевтарды құттықтады. Ол олимпиадалық спортты қолдаудың маңыздылығын білдіріп, кәсіби спорттағы бар мәселелерді шешу және Қазақстанның болашақ халықаралық жарыстардағы көрсеткішін арттыру үшін жүйелі реформалардың қажет екенін айтты.

Сонымен бірге Президент үкіметке спорт инфрақұрылымының тиімділігін бағалап, оның нәтижелілігін арттыруға бағытталған шараларды қабылдауды тапсырды [19].

Жоғарыдағы талдауларды негізге ала отырып, төменде Қазақстандағы спорт саласын дамытудың күшті жақтары мен мүмкіндіктері және әлсіз жақтары мен қауіп қатерлерін анықтайтын SWOT талдау беріледі.

1-кесте. Қазақстандағы спорт саласын дамытуға қатысты SWOT талдау.

1. Strengths – Күшті жақтар	3. Opportunities – Мүмкіндіктер
– Жекелеген спорт түрлеріндегі жоғары жетістіктер Қазақстан бокс, күрес, дзюдо, ауыр атлетика, таэквондо сияқты спорт түрлерінде халықаралық деңгейде тұрақты нәтижелерге қол жеткізіп келеді. – Мемлекеттік қолдаудың болуы Спорт саласы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қаржыландырылады, ұлттық бағдарламалар жүйеленген. – Демографиялық әлеует Қазақстан халқының басым бөлігі жастар, олар спорт резервін қалыптастыру үшін маңызды фактор. – Кеңестік спорт мектебі арқылы дайындық жүйесі бар Бапкерлік кадрлар мен дайындық жүйесі посткеңестік мектеп дәстүрімен байланысқан. – Ұлттық спорт түрлерінің болуы Қазақ күресі, көкпар, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық спорт түрлері халықтың спортқа қызығушылығын арттырып отыр, ұлттық мәдениет пен отансүйгіштікке тәрбиелейді.	– Спортты цифрландыру және аналитиканы енгізу Жаттығу процесін цифрлық бақылау, Big Data және биомеханикалық талдау арқылы спортшылар дайындығын модернизациялау. – Жеке инвестициялар мен демеушілікті тарту Мемлекеттік бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін кеңейту, спорт индустриясын дамыту. – Спорт туризмін дамыту Ірі халықаралық жарыстар өткізу, тау туризмі, қысқы спортты өркендету ел экономикасына, имиджіне оң әсер етеді. – Ұлттық спорт түрлерін халықаралық деңгейге шығару Қазақ күресі, тоғызқұмалақ сияқты спорттарды әлемдік брендке айналдыру мүмкіндігі жоғары. – Антикоррупциялық реформалар арқылы басқару Ашықтық пен есептілікті күшейту қоғамдық сенімді арттырады.

2. Weaknesses – Әлсіз жақтар	4. Threats – Қауіп-қатерлер
– Қаржыны басқарудың тиімсіздігі Спортқа бөлінетін қаражаттың бір бөлігінің нақты нәтижеге жұмыс істемей, жоспарлау мен мониторинг жүйесінің әлсіздігі байқалады. – Коррупциялық тәуекелдердің болуы Тендерлік құқықбұзушылықтар, теріс есептілік, спортшыларды іріктеудегі әділетсіздік сенімсіздікті тудырады. – Балалар мен жасөспірімдер спортының әлсіз дамуы Аймақтардағы инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, тегін секциялардың азаюы спорттық резервтің сапасына кері әсер етуі мүмкін. – Командалық спорттың әлсіздігі Футбол, баскетбол, волейбол сияқты командалық ойындар халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетсіз болуы. – Ғылыммен байланыстың төмен деңгейі Спорттық медицина, психология, биомеханика, цифрлық аналитика жеткілікті деңгейде дамымай отыр.	– Экономикалық тұрақсыздық Бюджет кірісі азайғанда спортқа бөлінетін қаржының қысқаруына алып келуі мүмкін. – Коррупцияның сақталу қаупі Егер бақылау тетіктері әлсіресе, спорт саласындағы қаржының тиімсіз жұмсалыу қаупі мен спортшыларды әділетсіз іріктеу күшейеді. – Дарынды спортшылардың шетелге кетуі (миағымы) Жоғары қаржы ұсынылған жағдайда мемлекеттер спортшыларды өзіне тартуы мүмкін. – Допинг жанжалдары Халықаралық санкциялар спортшыларға жарыстарға қатысу мүмкіндігін шектеуі ықтимал. – Аймақаралық теңсіздіктің тереңдеуі Ауылдарда спорт инфрақұрылымының артта қалуы әлеуметтік теңсіздікке әкеліп, дарындыларды тартуға кедергі келтіреді.

Жүргізілген SWOT-талдау Қазақстан Республикасында спорт саласының даму деңгейі бірқатар объективті артықшылықтар мен қатар мәселелердің бар екенін көрсетті. Күшті жақтарына назар аударатын болсақ, негізгі жетістіктер жекелей спорт түрлерінде байқалады. Олар тұрақты түрде халықаралық жетістіктерді көрсетеді. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған институционалдық қолдау, ұлттық спорт дәстүрлерінің сақталуы және жағымды демографиялық әлеует яғни, жастар контингенті елдің спорттық әлеуетін арттыруға негіз бола алатыны анықталды.

Спорт жүйесінің орнықты дамуына кедергі келтіретін факторлар ретінде қаржы ресурстарын жоспарлау мен пайдаланудағы тиімсіздік, коррупциялық тәуекелдердің сақталуы, балалар мен жасөспірімдер спорты инфрақұрылымының теңгерімсіз дамуы, командалық спорт түрлерінің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігінің аздығы анықталды.

Қазақстан спортын дамытудың маңызды мүмкіндіктеріне спортты цифрландыру, ғылымды дамыту, жеке инвестициялар мен демеушілік институттарын тарту, спорт туризмін дамыту және ұлттық спорт түрлерін халықаралық деңгейде ілгерілету жатады. Сол үшін экономикалық тиімділікті арттырып, жаһандық бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал етуге ұмтылу қажет. Бұл көзқарас отандық зерттеушілердің зерттеулермен де расталады. Демек, спортты дамыту үшін спорттық объектілермен қамтамасыз етуге назар аударылуы керек [20]. Тиімді, жүйелі жұмысты жүзеге асырмаған жағдайда спорттың дамуына қауіп қатер орын алады. Яғни, экономикалық тұрақсыздық, дарынды спортшылардың шетелге кетуі, допинг жанжалдарының ықтималдығы және аймақаралық әлеуметтік теңсіздіктің сақталуы спорт саласының ұзақ мерзімді дамуындағы негізгі қауіп-қатерлер ретінде бағаланады. Қазақстанда спортты дамыту стратегиясы күшті жақтарды тиімді пайдалануға, әлсіз тұстарды

басқарудың жаңа модельдері арқылы жоюға, даму мүмкіндіктерін нақты бағдарламалармен іске асыруға және сыртқы қауіп-қатерлерді алдын ала болжау мен төмендетуге бағытталуы қажет.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының спорт саласындағы мемлекеттік саясаты халық денсаулығын нығайту, спорттық резервті қалыптастыру және халықаралық аренада елдің беделін көтеру мақсаттарына бағытталған кешенді жүйе болып табылады.

Зерттеуді негізге ала отырып, төмендегі ұсыныстар беріледі:

- Спортты басқаруда институционалдық теорияға сүйене отырып, кластерлік яғни, кешенді жүйеге көшу қажеттілігі бар. Бұқаралық спорт, жоғары жетістік спорты, дене шынықтыру, ұлттық спорт түрлері үйлестірілген жүйеде жұмыс жасауы қажет.
- Инфрақұрылымды теңдей дамыту. Қала мен ауыл арасындағы алшақтықты жою, ауылдарға да сапалы, қолжетімді спорт нысандарын салу қажеттілігі ауыл жастарының жоғары жетістік спортына резерв ретінде қажеттілігімен негізделеді.
- Бұқаралық спорт халықтың денсаулығы мен мәдени бірегейлігін сақтау үшін маңызды. Сондықтан салауатты салтты ұстанатын мәдениетті қалыптасатыру мақсатында бұқаралық спортты насихаттау қажеттілігі жоғары.
- Спорт мамандарын даярлауды жетілдіру қажет. Жаттықтырушыларды, спорт менеджерлерін, инфрақұрылым қызметкерлерін заман талабына сай даярлау спорт жүйесінің тұрақтылығы мен дамуының негізі.

Спорт саласын мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде дамыту, ерекше көңіл бөлу, ұйымдастыру, реттеу мен басқару мемлекеттік стратегиялық дамуының кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Lasswell H. D. The Policy Orientation // The Policy Sciences / ed. by D. Lerner, H. D. Lasswell. – Stanford: Stanford University Press, 1951. – P. 3–15.
2. Pressman J. L., Wildavsky A. Implementation: How Great Expectations in Washington Are Dashed in Oakland; Or, Why It's Amazing that Federal Programs Work at All. – Berkeley: University of California Press, 1973. – 182 p.
3. Nye J. S. Soft Power: The Means to Success in World Politics. – New York: PublicAffairs, 2004. – 191 p.
4. Anholt S. Competitive Identity: The New Brand Management for Nations, Cities and Regions. – New York: Palgrave Macmillan, 2007. – 134 p.
5. Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ. . [Электрондық ресурс] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (Қаралған күні: 31.10.2025)
6. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [Электрондық ресурс] // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000251?utm_source= (Қаралған күні: 31.10.2025)
7. Қазақстандағы спорт саласын дамыту: жүйелі реформалар,

- инфрақұрылым, бұқаралық спорт және чемпиондар даярлау [Электрондық ресурсы] // https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/press/news/details/975696?utm_source= (Қаралған күні: 03.11.2025)
8. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурсы] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (Қаралған күні: 03.11.2025)
9. World Sports Rankings. 2025 Provisional Ranking [Электрондық ресурсы] // <https://sportsrankings.world/rankings> (Қаралған күні: 03.11.2025)
10. Halldorsson V. Sport in Iceland: How Small Nations Achieve International Success. - London: Routledge, 2017. - 142 p. - DOI: <https://doi.org/10.4324/9781315545585> (Қаралған күні: 05.11.2025)
11. 2029 жылға қарай қазақстандықтардың 50 пайызы спортпен тұрақты айналысады – министр мақсаты [Электрондық ресурсы] // https://kazinform.kz/news/2029-zhilga-karay-kazakstandiktardin-50-payizi-sportpen-turakti-aynalisadi-ministr-maksati-646144/?utm_source= (Қаралған күні: 03.11.2025)
12. Апахаев А.А. Қазақстандағы бұқаралық спортты дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты талдау. – Qazaq Journal of Young Scientist. – Vol. 3, No. 11, November 2025. 48-66.
13. Спортты қаржыландыру саласындағы жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелері [Электрондық ресурсы] // <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/press/news/details/860487> (Қаралған күні: 07.11.2025)
14. International Olympic Committee. Official website of the International Olympic Committee [Электрондық ресурсы] // <https://olympics.com/ioc> (Қаралған күні: 07.11.2025)
15. Жоғары спортты қаржыландыру [Электрондық ресурсы] // https://kz.kursiv.media/kk/2024-08-12/nrsIt-sportshylarga-zhumsalgan/?utm_campaign=endless_feed (Қаралған күні: 07.11.2025)
16. International Olympic Committee. Olympic Results & Medal Table [Electronic resource]. - Lausanne: IOC. - URL: <https://olympics.com/en/olympic-games> (Қаралған күні: 07.11.2025)
17. Қазақстан Республикасы. Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, 2025 жылғы 15 сәуірдегі Заң // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. - [Электрондық ресурсы] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (Қаралған күні: 07.11.2025)
18. Казахстан запретил государственную поддержку иностранных спортсменов. [Электрондық ресурсы] // https://kz.kursiv.media/en/2025-04-16/engk-tank-kazakhstan-stops-using-public-money-for-supporting-foreign-legionnaires/?utm_source= (Қаралған күні: 07.11.2025)
19. Президент Токаев встретился с казахстанскими медалистами Олимпийских игр в Париже. [Электрондық ресурсы] // https://en.tengrinews.kz/sport/president-tokayev-meets-with-kazakhstans-paris-olympics-263914/?utm_source= (Қаралған күні: 07.11.2025)
20. Тей Е.В., Никитинский Е.С. Роль спортивных объектов в развитии массового спорта в казахстане: статистический анализ. // The Journal of Economic Research & Business Administration. №4 (142). 2022. Б – 135-147

REFERENCES:

1. Lasswell H. D. The Policy Orientation // The Policy Sciences / ed. by D. Lerner, H. D. Lasswell. – Stanford: Stanford University Press, 1951. – P. 3–15.
2. Pressman J. L., Wildavsky A. Implementation: How Great Expectations in Washington Are Dashed in Oakland; Or, Why It's Amazing that Federal Programs Work at All. - Berkeley : University of California Press, 1973. - 182 p.
3. Nye J. S. Soft Power: The Means to Success in World Politics. - New York : PublicAffairs, 2004. - 191 p.

4. Anholt S. Competitive Identity: The New Brand Management for Nations, Cities and Regions. - New York : Palgrave Macmillan, 2007. - 134 p.
5. Dene shınıktıru zhane sport turalı Kazakhstan Respublikasınin Zanı 2014 zhılgi 3 shildedegi № 228-V QRZ. [Elektrondik resurs] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (Accessed on: 31.10.2025)
6. Kazakhstan Respublikasınin dene shınıktıru men sport salasın damıtudın 2023 – 2029 zhıldarga arnalgan tuzhırımdaması [Elektrondiq resurs] // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000251?utm_source= (Accessed on: 31.10.2025)
7. Kazakhstandagı sport salasın damıtu: uyeli reformalar, infrakurılım, bukaralık sport zhane chempiondar dayarlaw [Elektrondik resurs] // https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/press/news/details/975696?utm_source= (Accessed on: 03.11.2025)
8. Memleket basshısı Kasım-Zhomart Tokaevtin «Adilette Kazakhstan: zan men tartip, ekonomikalık osim, kogamdık optimizm» attı Kazakhstan halkına zholdaui [Elektrondik resurs] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyin-adilette-kazakhstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamydyk-optimizm-atty-kazakhstan-halkyna-zholdauy-285659> (Accessed on: 03.11.2025)
9. World Sports Rankings. 2025 Provisional Ranking [Elektrondik resurs] // <https://sportsrankings.world/rankings> (Accessed on: 03.11.2025)
10. Halldorsson V. Sport in Iceland: How Small Nations Achieve International Success. - London: Routledge, 2017. - 142 p. - DOI: <https://doi.org/10.4324/9781315545585> (Accessed on: 05.11.2025)
11. 2029 zhılga karay Kazakhstanıktardın 50 payızı sportpen turaktı aynalıسادı - ministr maksatı [Elektrondik resurs] // https://kaz.inform.kz/news/2029-zhilga-karay-kazakstandiktardin-50-payizi-sportpen-turakti-aynalisadi-ministr-maksati-646144?utm_source= (Accessed on: 03.11.2025)
12. Apakhaev A.A. Kazakhstandagı bukaralık sporttı damıtuga bagıtılğan memlekettik sayasattı taldau. – Kazakh Zhournal of Young Scientist. – Vol. 3, No. 11, November 2025. 48-bb. 05.11.2025
13. Sportty karzhylandıru salasındagı zhemkorlık tauekelderine sırtkı taldau natzhjelery [Elektrondik resurs] // <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/press/news/details/860487> (Accessed on: 07.11.2025)
14. International Olympic Committee. Official website of the International Olympic Committee [Электрондық ресурсы] // <https://olympics.com/ioc> (Қаралған күні: 07.11.2025)
15. Zhogary sportty karzhylandıru [Elektrondik resurs] // https://kz.kursiv.media/kk/2024-08-12/nrslt-sportshylarga-zhumsalghan?utm_campaign=endless_feed (Accessed on: 07.11.2025)
16. International Olympic Committee. Olympic Results & Medal Table [Electronic resource]. - Lausanne: IOC. - URL: <https://olympics.com/en/olympic-games> (Accessed on: 07.11.2025)
17. Kazakhstan Respublikasy. Dene shınyqtıru zhane sport turalı Kazakhstan Respublikasynın Zanyna ozgerister men tolyktyrular englizu turaly, 2025 zhylgy 15 sauirdegi Zan // «Adilet» akparattyk kukuktyk zhuyesi. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (Accessed on: 07.11.2025)
18. Kazakhstan zapretit gosudarstvenniyu podderzhku inostrannikh sportsmenov. [Elektrondik resurs] // https://kz.kursiv.media/en/2025-04-16/engk-tank-kazakhstan-stops-using-public-money-for-supporting-foreign-legionnaires?utm_source=chatgpt.com (Accessed on: 07.11.2025)
19. Prezident Tokaev vstretilsya s kazaxstanskimi medalistami Olimpiyskikh igr v Parizhe. [Elektrondik resurs] // https://en.tengrinews.kz/sport/president-tokayev-meets-with-kazakhstan-paris-olympics-263914?utm_source=chatgpt.com (Accessed on: 07.11.2025)
20. Tyot E.V., Nikitinskiy E.S. Rol sportivnix obektov v razvitiі massovogo sporta v kazaxstane: statisticheskii analiz. // The Journal of Economic Research & Business Administration. №4 (142). 2022. B – 135-147